

«СЫБАҒАНЫҢ» БІРІНШІ КҮНІ ТАҒЫЛЫМҒА АРНАЛДЫ

Ақтөбеде үш күнге созылатын «Сыбаға» ұлттық дәстүр фестивалі салтанатты түрде басталды

Ақтөбеде үш күнге созылатын «Сыбаға» ұлттық дәстүр фестивалі өтіп жатыр. 4 желтоқсан — «Тағылым» күнінде білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін танымдық сабақтар мен шеберлік сағаты ұйымдастырылды.

«Сыбаға» фестивалі аясында С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасында Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжі «Сөз саптау — өнердің басы» дебат турнирін өткізді. Колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Динара Мұхамбеттің айтуынша, іс-шараның мақсаты — оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіру, ойды дәл әрі жүйелі жеткізуге баулу, шешендік қабілетін дамыту және ұлттық құндылықтарды жастар санасына терең сіңіру.

— Биыл «Тарлан» дебат клубының жаңа құрамы жасақталып, білім алушылардың пікіралмасатын алаңға тың серпін берді. Турнир барысында студенттер ұлттық танымға негізделген пікірталас жүргізіп, Қазақ тілінің байлығын, ой жүйріктігін көрсетті, — деді ол.



Суретте: «Салт пен сана» көрмесінде ұлттық қолөнер түрлерінен шеберлік сабағын тамашалап жатқан оқушылар.

Ақтөбе жоғары политехникалық колледжінде «Ұлттық киім — мәдениеттің айнасы» ұлттық киімдер флешмобы өтті. Колледж директоры Жеңісқұл Мұхамбетпайызованың өзі бастап, барлық оқытушы мен оқушы ұлттық киім киген.

Колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жайнагүл Әбиеваның айтуынша, флешмобтың мақсаты — жастардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттырып, Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын заманауи форматта насихаттау. Іс-шара барысында музыкалық сүйемелмен ұлттық нақыштағы көрініс көрсетіліп, Қазақ киімдердің ерекшелігін ашатын шағын қойылым ұсынылды.

«„Сыбаға“ фестивалі мектеп ұжымының рухани-танымдық бірлігін нығайтып, жас ұрпаққа ұлттық мұраның құндылығын сезіндіретін маңызды мәдени бастама»

Ақтөбе қаласындағы №51 гимназияда «Салт пен сана» көрмесі ұйымдастырылды. Көрме барысында келушілер қазақ халқының бай мәдени мұрасымен жан-жақты танысты. Мұнда көрермен назарына ұлттық киімдер, зергерлік әшекейлер, тұрмыстық бұйымдар, ою-өрнек өнері, қолөнер туындылары және тарихи жәдігерлер ұсынылды.

Оқушылардың бірі жүн сабап, енді бірі ұршық иірсе, тағы бірі асық ойнады. Мектеп директорының орынбасары Венера Қалдина бұл көрменің бірегей интерактивті алаңға айналғанын атап өтті. Көрме аясында киіз басу, тоқу, зергерлік бұйым жасаудан шеберлік сабақтары өтті.

Сонымен қатар «Тағылым» күні аясында Ақтөбе гуманитарлық жоғары колледжінде жыр-дастан орындаушылар кеші, Қарғалы қазақ орта мектебінде «Асық ату» сайысы және №30 мектепте арнайы бейнебаян таныстырылымы өтті.